

2009 жылғы 15 шілдедегі № 2728 "Үлбі" халыққа әлеуметтік қызмет көрсететін қалалық аумақтық орталығы" мемлекеттік мекемесіне сауықтыру үшін тегін жолдамалар беру туралы" әкімдіктің қаулысына өзгерту мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 24 маусымдағы N 12192 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Өскемен қалалық әділет басқармасында 2011 жылғы 20 шілдеде № 5-1-169 тіркелді. Күші жойылды - Өскемен қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 21 ақпандағы N 5619 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Өскемен қаласы әкімдігінің 21.02.2013 N 5619 қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі «Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы» Заңының 20-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31-бабының 1-тармағының 14) тармақшасына сәйкес Өскемен қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2009 жылғы 15 шілдедегі № 2728 «Үлбі» халыққа әлеуметтік қызмет көрсететін қалалық аумақтық орталығы» мемлекеттік мекемесіне сауықтыру үшін тегін жолдамалар беру туралы» әкімдіктің қаулысына келесі өзгерту мен толықтыру енгізілсін:

3-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

«3. Тегін жолдамалар алуға:

1) зейнеткерлер мен мүгедектер;

2) «Үлбі» орталығының үйде қызмет көрсетілуіндегі мүмкіндігі шектеулі мүгедек балалар құқылы.»;

келесі мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

«3-1. Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері жолдамалар алуға жыл сайынғы бірінші кезектегі құқыққа ие.».

2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Өскемен қаласының әкімі

И. Әбішев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК